

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТИ



Ө.А. Байқоңыров атындағы ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ


Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

« » 2019ж



ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Жер асты кеніші жағдайы үшін конвейер көлігінің жобасын жасау»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Тасқұл Әкім Серікұлы

Ғылыми жетекші сениор лектор:

Бимбетов Мелдехан Үсенұлы

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл канд.,
ассоц. профессор
Қ.К. Елемесов
« » 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Тасқұл Әкім Серікұлы

Тақырыбы: Жер асты кеніші жағдайы үшін конвейер көлігінің жобасын жасау.

Университет басшысының "08" қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «22» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлім: Жер асты кеніштік жағдайындағы таспалы конвейерге жалпы түсінік.

ә) Есептік бөлім: Негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді.

б) Арнайы бөлім: Тиеп-жеткізуші машиналардың көрсеткіштерін есептеу

в) Еңбек қорғау бөлім: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелері қарастырылды.

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)

1.Таспалы конвейердің көрінісі; 2.Айналмалы-беру механизмінің жинақтық сызбасы; 3. Жинақ сызбасы; 4 . Бөлшек сызбасы

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада жер асты таспалы конвейерлерімен кен қазбаларын тасымалдау процестерінің жобасы келтірілді.

Технологиялық бөлімде «Молодежная» жер асты кен орнының негізгі геологиялық сипаттамасы келтірілді. Таспалы конвейерлердің негізгі бөліктері мен схемалары қарастырылды .

Есептік жобалау бөлімінде конвейерлік қондырғының жалпы параметрлері есептелінді.

Арнайы бөлімде таспалы конвейердің тарту құрылғысының жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Эксплуатация бөлімінде таспалы конвейерге жалпы күтім, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте приведен проект процессов транспортировки горных выработок подземными ленточный конвейерами.

В технологической части приведена основная геологическая характеристика ленточного месторождения «Молодежная». Рассмотрены основные части ленточного конвейера и схемы.

В расчетно проектном разделе рассчитаны общие параметры пластинчатого конвейера.

В специальной части проведена модернизация тягового устройства ленточного конвейера.

В разделе эксплуатации рассмотрена общий уход, техническое обслуживание и ремонт ленточного конвейера.

ABSTRACT

This diploma project is a project of transportation processes of mine workings underground belt conveyors.

The main geological characteristics of the underground Deposit "Molodezhnaya" are given in the technological part. The main parts and schemes of belt conveyors are considered .

In the design section, the General parameters of the conveyor system are calculated.

In a special part of the modernization of the traction device of the conveyor belt.

The operation Department provides General care, maintenance and repair of the conveyor belt.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		
1	Технологиялық бөлім	6
1.1	Молодежный кен орнының геологиялық сипаттамасы	6
1.2	Қазу жүйесі	7
2	Аналитикалық бөлім	10
2.1	Конвейер қондырғылары. Жалпы мағұлмат және жіктелу	13
2.3	Тақтасалы конвейерлер. Жалпы мағұлмат және жіктелуі	15
2.4	Таспалы конвейерлер	18
3	Есептік бөлім	19
3.1	Конвейердің техникалық өнімділігі	20
3.2	Таспалы конвейердің есептері	28
4	Эксплуатациялық бөлім.	29
4.1	Жабдықтарды пайдалану және жөндеу	30
4.2	Таспалы конвейердің жабдықтарын пайдалану және жөндеу	31
4.3	Жөндеу аралық қызмет көрсету, жөндеу түрлері және оларды ұстау	32
4.4	Кәсіпорында жөндеуді ұйымдастыру және әдістері	33
4.5	Таспалы конвейерді жөндеуге тапсыру	34
4.6	Бөлшектерді дефекациялауға және жөндеуге қойылатын техникалық талаптар	35
4.7	Таспалы конвейерді құрастыру	36
4.8	Жөндеу сапасын бақылау	37
4.9	Жөндеуден кейін конвейерді тексеру.	38
	Жабдықты майлау	39
5.0	Арнайы бөлім	40
6.0	Еңбекті қорғау	44
6.1	Өндірістік учаскедегі ауа ортасы	45
6.2	Өндірістік учаскені жарықтандыру	46
6.3	Электр қауіпсіздігі	47
6.4	Шу	48
6.5	Діріл	49
	Қорытынды	
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Барлық типтегі конвейерлерден тау – кен кәсіпорнында кең тараған таспалы конвейер, олардың үлесі 80-85% құрайды. Конвейерлік көлікті кеңінен қолдану жүктердің едәуір көлемін шағын қашықтыққа тасымалдау кезінде оның басқа түрлердегі көлік алдындағы артықшылықтарымен түсіндіріледі. Мұндай артықшылықтарға мыналар жатады: конструкцияның қарапайымдылығы, жұмыста сенімділік, жоғары өнімділік және аз пайдалану шығындары. Сонымен қатар, конвейерлік көлікті қолдану еңбек өнімділігін және өндірісті автоматтандыру деңгейін арттыруға, көлік коммуникацияларын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Конвейерлік көлікті енгізу көліктегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Молодежный кен орнының геологиялық сипаттамасы

Хромтауда негізінен шөгінді жыныстар дамыған. Бұл жерде барлық полезной жүйесі және түзілістері белгілі, мезазой және кайназой шөгінділері бар. Тас көмір шөгінділері аса кең дамыған.

Молодежный кен орны жоғары тиімділікпен жер асты тәсілінің жүргізуіне аса қолайлы жағдайларымен ерекшеленеді.

Бұл жағдайларға мыналар жатады:

- 1) Кен сілемдерінің шахта тәріздес сипаты;
- 2) Жайпақ (жатық, еңіс) және үлкен аландардағы кен сілемдерінің жазық жатуы;
- 3) Көп сатылы кернеуі, мұнда қазба жұмыстарының бір уақытта 2-3 кен деңгейлерінде жүргізуіне болады;
- 4) Жанас жынысты кендер салыстырмалы жоғары беккемділікке ие.

Хром кенімен қатар қорғасының кенденуі де Молодежный кен орнында қиыршықтас тақталарына ұштастырылған және бос қуыстарды толтырған немесе азбесті цемент кен минералдарының орның басып отырады. Кен денелері қиыршық тастар тақталарының жанасу шектерінде қалып отырғандықтан бірнеше қатпаршаларды түзеді, олардың қалыңдықтары бір метрден бірнеше метрге дейін жетеді. Бай кендердің кедей кендерге және кедей кендердің кен емес қиыршық тастарға өтуі өте тиянақсыз, сондықтан кен денелерінің шектері сыну нәтижелері мен анықталады.

Кен орны аймағында жерасты сулары кен тараған. Олардың арасында жарықшақты, жарықша күймелі және кеуекті болады. Сонымен қатар кен орнында жарықша түрлі сулар тараған. Жалпы орталық кен алаңының тау – кен қазбаларына терең қазбалардың көбеюіне байланысты көбейіп отырады. Өткен жылдардағы судың кемуінің талдануы жеке гидрологиялық зерттеулер қазіргі кездегі кеніштің шахта алаңына судың келуі 1180 екенін көрсетеді.

Рудалық денелердің ауданы 0,1 ден 0,5 тең, қуаттылығы 12 м ден 25 м және одан да жоғары кеннің түрі көп жағдайда қабатталған болып кездеседі. Бірақ таспа және линза тәрізді денелерде кездеседі. Әдетте рудалық денелер аралас жыныстармен қатынаспайды тек ерекше таңбалау арқылы сыналады. Барлық рудалық денелердің ерекшелігі олардың барлық жағдайда өнеркәсіптік минералдануы, қуаттылықтың нольдік мағынасына жетпей шұғын үзіп кететіндігінде.

Рудалық денелердің құлау бұрышы кен жыныстарының құлау бұрышына сай болады, батыс және солтүстік батыс бөлігінде таң, орталық бөлігінде ал шығысында жоғары тербеліп тұрады.

Негізгі минералдары; холькопирит, жоғары горизонтта холькопирит негізгі роль атқарады. Содан кейінгі горизонтта борлит, ал одан тереңректе холькезин. Рудалық денелердің жоғарғы шыға беріс орталық бөлігінде тотықтандыру аймағы және екінші ретті сульфидті баю аймағы бар екендігі

анықталған. Мырыштың кенге айналуы ең сирек серамеристің түйірі ретінде мыс минералдарының арасында кездеседі.

1.2 Қазу жүйесі

Панельді-діңгекті қазу жүйесі

Панельдік-діңгекті жүйе Молодежный кенішінің ауқымды жайпақ мыс және көп металды кеніштерде кенінен пайдаланылады. Мұның басты себебі өндіріске жоғары өнімді өзі жүргіш жабдықтарды енгізу, әсіресе басты өндірістік үрдістермен қосалқы жерасты жұмыстарын механикаландыруға мүмкіндік тудыру.

Жүйенің шама-шарты шахта алабы ұзындығы 400-600м ені 120-150м-ге дейін жететін панельдерге тілінеді де әрбір панель және блоктар мен кен үңгілерге тіктелмей-ақ тұтас кенжар мен қазылады. Кен қабаты тұтас (10-15м-ге дейін) қазып алынады. Төбе панель шекарасында тұтас ұзын, яғни панельдік, ал ішкі жағынан дінгек тәрізді қалдырылады, тіреуіш кен тіреулер диаметрі 4-8м болатын 22х20м торын түзіп, жүйелі қалдырылып отырылады. Дінгек арасындағы төбенің ашық жері 1,5х1,5м өтіп алынып, тереңдігі 2,5м темірбетон немесе болат полиметрлік қарнақтармен бекітіледі.

Даярлау-тілме жұмыстарына: бас тасымалдық, панельдік және жинақтау, желдетпе қуақаздары, панельге кіретін енбе, панельдік енін камтитын қазбасы және панельдік желдетпе қуақаздары жатады.

Даярлау-тілме жұмысының көлемі 1000г, ал даярланған қорға шаққанда 1-2м қазбалар мен көп кентарлық әдіспен өзі жүргіш жабдықтармен өтеді. Сондықтан да олардың көлденең қимасының ауданы қолайлы қолданылатын көліктік машиналардың пішініне тәуелді. Қазбалар бүйіріне қарнақтармен бекітіледі. Кен тереңдігі 2...4,5м теспелермен уатылады. Теспелер УБШ-532 бұрғылық қондырғылармен бұрғыланады, қысымды оқтағыштармен жабдықталған өзіжүргіш сөреден оқталады.

Уатылған кен 2118м қашықтыққа дейін К14 электрлік тасығыш арқылы тасымалданады. Ал кенді тиіп-жеткізуге TORO-400D машиналары пайдаланылады. Жолды тазалауға және уатылған кенді жиынтықтауға бульдозерлер БПДУ-2м қолданылады.

Төнбе қарап тексеріп, ілініп тұрған тастарды түсіруге және қарнақ бекітпе қоюға БМ-60 және басқа да өзіжүргіш сөрелер пайдаланылады.

Панельдік тәсілмен дайындалған кен алабы бөлек панельдерге бөлініп, оның қоры тұтас кенжарлардан уақ теспелермен уатылып, өздігінен жүретін жабдықтармен жеткізіліп, бас науаға тиеледі де қазылған кеңістіктердің төбесі полимерлік қарнақы бекітпелермен бекітіліп, тіреуіш тыңдармен сақталады.

Кен орны немесе кен алабы панельдік тәсілдермен дайындап бөлек панельдерге бөлінеді де олардың қоры уақ теспелермен уатылып, кіші шектік жабдықтармен тиеліп жеткізіледі де төбе жыныстары еріксіз құлатылады.

Панельді дайындағанда екі панельдік қылу керек болған жағдайда кен құдығын ұңғыламайды. Көбінесе және бөлек жатқан кіші қалыңдықты

кенішке арнап кен құдығын өтпелді-кенді өздігінен жүретін тиеп-жеткізу жабдықтарымен күрделі құдыққа реті келіп тұрғанда оқпан албарына тасымалдайды.

Қазу жүйесінің маңызы мынада. Панельдік тәсілмен дайындалған кеніш алабын алу панельдеріне бөлініп, олардың қоры тұтас кенжарлардан «жұлдызды» ұңғымаларды пайдаланып, кенжар алаңы қарнақы бекітпелермен бекітіліп, қазылған кеңістік аракідік толтырымдалады.

Қазылған кеңістіктердің ұңғымаларды өткелдегі алынған тау жыныстарын лақтыру-толтырым жабдықтары арқылы аракідік ретімен толтырылады.

Жоғарыда талданған қазу жүйесінің артықшылықтары және кемшіліктері

Артықшылықтары: Кенжардағы жұмысшылар еңбегінің өнімділігінің жоғарылығы, кең көлемдегі механизацияға бұрғылау және тиеп-тасымалдау жұмыстарының тиімді шарттары. Желдетуге толық қанағаттанарлық шарттар.

Кемшіліктері: Дінгектер қалдыру кезіндегі кеннің жоғалымы, төбе жыныстарын ұдайы бақылап, оны мерзімінде сапалы опырып тұру қиындығы.

Жерасты көлігі таукен өнеркәсібіндегі анықтаушы буын болып табылады. Жерасты көлігі пайдалы қазбаларды, жыныстарды және кен массасын, жабдықтарды және әр түрлі көмекші материалдарды тасымалдауға, адамдарды тасуға, сондай-ақ операцияларды жүргізуге арналған. Кен өнеркәсібіндегі көліктің тәсілі деп кен орны мен шахта алқабындағы көліктер буынының жиынтығын кескіндейтін графикалық көрсеткішті айтады. Көлік тәсілі көліктік кен қазбасының орналасуын, осы қазбада қолданатын көлік жабдықтарының түрлерін сипаттайды. Шахтада кенді тасымалдауға автокөліктер кеңінен қолданылады. Кенді тиеу машиналарына тиеп, кен түсіргішке тасиды, мұнда кен тасынын горизонтына түсіріліп, электровозбен оқпан аймағына жеткізіледі. Шахтада электровозбен тасымалду 90м және 180м тасының горизонттарында жүргізіледі. Тасылым Германияда жасалған EL- 13/ 03 маркалы электровозбен іске асырылады, ол сыртқы қорек көзі бар (600 В) тұрақты тоқпен жұмыс істейді. Кен ВГ- 10, ВГ- 12 вагоншаларына тиеледі. ВГ- 10 тұйық, жанағы берік бекітілген вагоншалар жұмыста сенімділікке және жоғары беріктілікке ие. Олардың кемшілігі барлық вагоншаларды төңкеріп түсіру әдісі, мұнда қосымша механизмді- дөңгелек көтергішті қажет етеді. ВГ- 10 сыйымдылығы 10м, жүк көтергіштігі- 30т. Вагоншалардың жанағы қалыңдығы 4-8 мм болат жаймасын пісіру арқылы жасалады. Вагоншалардың ранасын пісіру арқылы жасайды. Автоматты айналдыру істері құралды ағытпай-ақ дөңгелек төңкергішпен бірге вагоншалардан кенді түсіреді. Жерасты электровозды төңкергіштің контактілігі желінің қорегі үшін негізгі түрлендіргіш қондырғысы болып автоматтық шахталық ауырлық подстанциясы (ААП) табылады. Ауырлық немесе тарту подстанциялары кернеуі 600 В тұрақты токты шахта желісіндігі үш фазалы ауыспалы токқа түрлендіреді. Қоректі

кабель бойынша келетін электроэнергиясы тарту желісіне келіп,электровоздың тоқөткізгіштігімен оның ауырлық двигателіне келіп,рельс пен соратын кабель арқылы подстанцияға оралады.Жұмыстың сенімді әрі ыңғайлы жұмысы үшін контактілі сылы секцияланады,яғни электр бір-бірінен оқшауланған жеке участіктерге бөлінеді.Участіктерді қосу үшін секциялы ажыратқыштарды ШРС немесе автоматты сөндіргіштер қолданады.Қорғау және коммутация үшін тұрақты және ауыспалы тоқтың КР,тарту подстанциясының камерасында орналасқан басқару қалқалары қызмет атқарады.

Кенді тиеу машинистің қашықтан басқарудың тықпа қақпағымен жүзеге асырылады.

Тасылған қазба бойынша тиелген кенді ағытусыз дөңгелек төңкергіштігі бар вагоншалардан түсірілген оқпан алдарына әкеп түсіреді.Вагоншаларды төңкергіш арқылы өтетін электровозбен тартады.Төңкергішті басқаруды кнопканың көмегімен «төңкеруші» басқарады.

2 Аналитикалық бөлім

2.1 Конвейер қондырғылары. Жалпы мағұлмат және жіктелуі

Конвейерлі көлік көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда жеңіл, бұл еңбек сыйымдылығын көп төмендетуге мүмкіндік береді. Конвейер көлігі горизонталь жайпақ аз көлбеулі көмір қабаттарын қазу кезінде көмір шахталарының тазалау забойларынан көмірді жеткізуді механикаландырудың негізгі құралы болып табылады.

Конвейерлер қазып алу алаптары мен панелдердің жазық және көлбеу қазбаларында, сол сияқты күрделі еңістермен, бремсбергтермен және еңкіштік бұрышы 180 дейін болатын көлбеу оқпандармен көмір тасу үшін кең қолданылады.

Конвейер көлігі өте үлкен жүк ағымдары кезінде (6000 т/сағ дейін) және салыстырмалы қысқа (3000 м дейін) қашықтықтарға тасымалдау кезінде рудалы шахталардың қазып алу учаскелерінде, магистральды қазбаларда және көлбеу оқпандарда жиі пайдаланылып келеді. Бірнеше конвейерлерді тізбектестіріп қойған кезде үйінді жүктерді кез-келген қажет қашықтыққа тасымалдай алады.

Конвейер жер бетінде технологиялық көлік комплекстерінде ұсақтап-сұрыптау және байыту фабрикаларында кең пайдаланылады.

Конвейерлеу тасымалдауда еңбек өнімділігін көп арттыруға және кейбір жағдайларда оның жұмыстарындағы тар жерлерді жоюға мүмкіндік жасайды.

Рудалы шахталарда конвейерлерді қолдану қазылып жатқан блоктардағы кен құдықтар санын қысқартуға және руданы шығару қарқындылығын арттыруға мүмкіндік жасайды. Бұл кезде тау-кен дайындау жұмыстарының көлемі азайып, дайындау және блоктарды қазып алу мерзімдері қысқарады, бұл тау-кен өндірісінің пәрменділігін арттыруға алып келеді.

Жүк ағымы артқан кезде конвейер көлігінің пәрменділігі өседі, өте үлкен жүк ағымдары кезінде (5000-6000 т/сағ) көп жағдайларда тек конвейер көлігі қолданылуы мүмкін. Конвейерлеу кезінде тасымалдауда жарақаттану көп төмендейтінін статистика көрсетіп отыр. Бірақта конвейер көлігіне локомотивті көлікпен салыстырғанда мынадай кемшіліктер тән: үлестік күрделі шығындар мен пайдалану шығындарының жоғарылығы; қосалқы жүктер мен адамдарды тасымалдау үшін параллель көлік жүйесі құрылымының қажеттілігі; пайдалы қазбаның немесе пайдалы қазба мен бос жыныстардың бірнеше сорттарын бір уақытта тасымалдауды қамтамасыз ету күрделілігі.

Қазіргі уақыттағы конвейер қондырғылары былай бөлінеді: арналуы және шахтадағы орнатылу орны бойынша – забойлық, штректік, еңістіктік,

бремсбергтік, магистральды, көтергіш және арнайы мақсаттағы (үңгілеуші, бункерлік, түсіргіштерде, қайта тиегіштерде және т.б); тартқыш органдарының түрі бойынша – шынжырлы тартқыш органы бар (ысырмалы, тақташалы, таспалы шынжырлы конвейерлер), таспалы (таспасы бар конвейерлер), сым арқаны бар (таспалы-сым арқанды конвейерлер), тартқыш органдарынсыз (дірілді, тербелісті, бұрандалы);

жүк алып жүруші органның түрі бойынша – таспалы, тақташалы, науашалы, құбырлы тасушы органдары бар;

жүк алып жүруші органды ұстап тұрушы тіреуіштер түрі бойынша – стационарлы домалату тіреуіштері бар (таспалы және таспалы-сым арқанды конвейерлер), қозғалатын домалату тіреуіштері бар (таспалы-арбалы конвейерлер), сырғыту тіреуіштері бар (ысырмалы конвейерлер), серпімді және аспалы тіреуіштері бар (дірілді және тербелісті конвейерлер).

Барлық конвейер қондырғыларының негізгі бөліктеріне тартқыш орган, жүк алып жүруші элементтер, жетектік құрылғылар және қосалқы жабдықтар жатады.

Қазіргі уақытта көмір және рудалы шахталарда конвейерлердің мынадай конструкциялық түрлері пайдаланылады:

- ысырмалы – көбінесе пайдалы қазбаны тазалау забойы бойынша тасымалдау үшін қолданылады;
- тақташалы – жоспарында қисық учаскелері бар учаскелік және магистральды тасымалдау қазбаларында пайдаланылады (қазіргі уақытта өте сирек пайдаланылады);
- таспалы - горизонтқа еңкіштік бұрышы 180 дейін болатын түзу сызықты қазбаларда қолданылады;
- таспалы-сым арқанды – ұзындығы салыстырмалы түрде ұзын (5-10 км), еңкіштік бұрышы 120 дейін болатын түзу сызықты тасымалдау қазбаларында қолданылады;
- конвейерлердің арнайы түрлері – дірілді, тербелісті, бұрандалы және т.б қосалқы тасымалдау операциялары үшін (ұсақтау және байыту фабрикаларының ішінде қысқа трассаларда түсіргіштер ретінде).

Соңғы кездері конвейерлердің жаңа түрлерін жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде, оларға трассаның еңкіштік бұрышы 350 дейін болатын жолдарда жүкті тасымалдауға қабілетті конвейерлер, сол сияқты кесектер ірілігі 600 мм көп болатын жүктерді тасымалдауға арналған конвейерлер жатады.

Мұндай типті конвейерлердің сериялы өндірісін игеру конвейер көлігінің көмір және руда шахталарында қолдану аймағын анағұрлым кеңейтеді.

Конвейер көлігін кеңінен пайдалануға қосалқы жүктер мен адамдарды тасымалдау проблемаларының табысты шешімдері көп септігін тигізіп отыр.

Қазіргі уақыттағы көмір шахталарында адамдарды тасымалдау үшін жүк және адам таситын конвейерлер жиі пайдаланылып келеді, ал қосалқы жүктерді тасымалдау үшін – монорельсті жолдар қолданылады.

Рудалы шахталарда конвейер көлігі әлі кең қолданысқа ие болған жоқ, сондықтан типтік сұлбаларды жасау қажеттілігі қазірше пайда болған жоқ.

Қатты рудаларды қазып алатын рудалы шахталарда конвейер көлігін қолдану әрқашанда таспалы конвейерлерді пәрменді пайдалану мүмкін болатын, руданы ірілігі 300-400 мм дейін ұсақтау қажеттілігімен байланысты болады.

Қазіргі таңда рудалы шахталарда конвейер көлігінің кең таралмағанына карамастан, істеп жатқан конвейерлеу сұлбалары әр түрлілігімен ерекшеленеді, осыған байланысты рудалы шахталарда конвейер көлігі сұлбаларының типтік жіктелуін жасау күрделі болып табылады.

Жалпы мағұлмат және таспалы конвейерлердің жіктелуі. Таспалы конвейерлерде таспалы конвейер үстінде жатқан жүк онымен бірге стационарлы роликті тіреуіштермен қозғалып отырады. Тартқыш күш конвейерлік таспа жетегінен беріледі, таспа бір уақытта тартқы және жүк алып жүруші орган болып табылады.

Таспалы конвейерлер былай бөлінеді:

арналуы бойынша – жалпы қызметтік конвейерлерге; жер асты және ашық кен қазу жұмыстары үшін арналған конвейерлерге;

трасса сипатына байланысты – жазық, аз көлбеулі қазбаларға арналған конвейерлерге (0 ден 70 дейін), көлбеу қазбаларға арналған конвейерлерге (0 ден 220 дейін);

конструкциялық орындалуы бойынша – жұмыстық және бос тарамдары бірінің үстіне бірі орналасқан конвейерлерге және тарамдарының екеуі де параллель орналасқан конвейерлерге;

Таспалы конвейерлерді жайпақ көмір қабаттарын қазып алып жатқан көмір шахталарының тасымалдау қазбаларында, рудалы және көмір шахталарында көлбеу оқпандармен үйінді жүктерді көтеруге, сол сияқты шахта үстінде, ұсақтап-сұрыптау және байыту фабрикаларында, фабрика ішіндегі тасымалдау құралдары ретінде кең пайдаланылады.

Таспалы конвейерлерді пайдалануды шектеп отыратын факторларға тасымалданатын жүктің ірілігі (500 мм дейін), жоспар бойынша трассаның тіке сызықтылық талабы, жүктің қасиетіне байланысты трассаның еңкіштік бұрышының 18-210 дейін болуы, міне осылар жатады.

Таспалы конвейер түрлерінің ерекше тобына мыналар жатады: еңкіштік бұрышы 220 асатын трассамен үйінді жүкті тасымалдауға қабілетті тік құламалы конвейерлер, ірілігі 500 мм асатын ірі кесекті жүктерге арналған конвейерлер, жоспар бойынша қисық трассаларға арналған конвейерлер, таспалы-сым арқанды, таспалы - шынжырлы конвейерлер.

Тарту күшінің үйкеліспен берілудің физикалық негіздері. Тарту күшінің үйкеліспен берілуі өте күрделі процесс болып саналады, оған тартқыш элементтер мен жетекші барабандардың (шківтердің) тоғындары дайындалған материалдардың физика-механикалық қасиеттері, олардың жанасатын беттерінің күйі және жабысу күштері, атмосфераның ылғалдылығы мен шаңдылығы, қоршаған ортаның температурасы және басқа факторлар әсер етеді. Үйкеліс күші шамасына, демек тарту күшінің

шамасына әртүрлі факторлардың әсер ету дәрежесі әлі толық зерттелмеген, сондықтан тартқыш элементтер мен жетекші барабандардың (шківтердің) жанасу беттерінде өтетін нақты процестерді зерттеуді оңайлату мақсатында әдетте шартты жорамалдармен алмастырады, ал бұл кезде пайда болған дәлсіздікті алынған тәжірибелік берілгендер негізінде сәйкес эмпиризмдік коэффициенттерді ендіру жолымен орны толтырылады.

2.2 Тақташалы конвейерлер. Жалпы мағұлмат және жіктелуі

Тақташалы конвейердің жұмыстық органы тақташалы жүк алып жүруші төсемнен және тартқыштық орган қызметін атқаратын бір немесе екі тартқыш шынжырлардан тұрады. Тақташалы төсем оған вертикальды және горизонтальды жазықтықтарда белгілі бір иілгіштік беретін жеке тақташалардан тұрады.

Пайдалы қазбаларды жер асты қазып алу кезінде тақташалы конвейерлер забойдан оқпан албарына дейінгі тасымалдау тізбегінде барлық буындарда қолданылуы мүмкін. Тақташалы конвейерлер іс жүзінде майда дәнді және шаң тәрізді материалдардан басқа, кез-келген іріліктегі үйінді жүктерді тасымалдай алады, сол сияқты бекітпе материалдары мен жабдықтарды жеткізу үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Тақташалы конвейерлердің конвейерлердің басқа түрлерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар: бұрылу радиустары аз (10 м шамасында) қисық трассаларда жұмыс істей алады; жүк алып жүруші органның қозғалыс кедергісі аз; аралық жетектерді орнату мүмкіндігі, бұл қайта тиеусіз тасымаладу ұзындығын арттырады; егер тақташалар шығыңқы жерлермен немесе арнайы қалқаншалармен жабдықталса олардың еңкіштік бұрышы үлкен (400 дейін) жерлерде қолдану мүмкіншілігі; жұмыс процесі кезінде тасымалданатын жүкті іс жүзінде майдаламайды.

Тақташалы конвейерлердің кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады: қозғалушы бөліктердің массасының үлкендігі; өз ара қосылған көп элементтерден тұратын жүк алып жүруші төсемнің конструкциясының күрделілігі. Соңғы кемшілігі тақташалы конвейерлердің сенімділігінің аз болуына себепкер болады. Осы себепке байланысты қазіргі уақытта тақташалы конвейерлерді магистральды трассалар үшін дайындамайды.

Тақташалы конвейерлердің өнімділігінің жоғары болмауы (көмір шахталарына арналған сериялық модельдерінің ең үлкен өнімділігі 450т/сағ) тақташалы төсемнің қозғалыс жылдамдығының аздығымен (1,06 м/с – тек кейбір жағдайларда 1,5 м/с дейін жетеді) түсіндіріледі.

Тақташалы конвейерлерді былай жіктеу қабылданған:

- арналуы бойынша- жер асты көмір және рудалы шахта қазбаларындағы жұмыстар үшін; шахта үстіндегі технологиялық комплекстердегі арнайы мақсаттағы жұмыстар үшін; байыту фабрикаларында және түсіргіштер ретінде;

- трассалардың пішіні бойынша – түзу сызықты трассалар үшін арналған тақташалы конвейерлер; қисық сызықты жазық және жайпақ (240

дейін), тік құламалы (400 дейін) трассалар үшін арналған тақташалы конвейерлер; тартқыш шынжырлар саны бойынша – бір және екі шынжырлы; жетектер саны бойынша – бір және көп жетекті.

Құрылысы және негізгі элементтері. Жүк алып жүруші төсем алып жүруші тақташалардан және жүру арбасынан тұрады. Тақташалар ыстықтай немесе суықтай штампталған табақшалы болаттан дайындалады. Тақташалар түбінің қатаңдық қабырғалары болады, олар бір уақытта конвейер еңкіштетіп қойылған кезде жүктің сырғып кетуін ұстап отыратын қалқаншалар ролін атқарады.

Тақташалардың көлденең қимасының пішіні әдетте трапеция тәрізді жасайды, тақташалар ені 500-800 мм (тақташалы түсіргіштердің тақташаларының ені 2 000 мм құрайды) құрайды. Ернеулерінің (борттарының) биіктігі 50-200 мм диапазонында өзгеріп отырады. Жүк алып жүруші төсем тақташасын тартқыш шынжырдың бір немесе екі нүктесінде бекітеді. Тақташалар өзара түйістіріліп немесе мінгестіріліп қосылады. Қозғалғыш роликтермен жабдықталған тақташаларды, қозғалғыш арбалар деп атайды.

Қозғалғыш роликтерді консольды жарты осьтерге немесе тесіп өткен осьтерге бекітеді. Қозғалғыш роликтердің диаметрін 100-120 мм етіп қабылдайды. Роликтерді ребордалармен жабдықтайды. Қозғалғыш арба адымын тартқыш шынжырдың керілуіне байланысты орнатады және алып жүруші тақташа ұзындығына және тартқыш шынжырлар адымына еселі етіп қабылдайды.

Тақташалы конвейердің тіреуішті рамасы (став) қозғалғыш роликтердің жоғарғы және төменгі бағыттаушыларынан, тіреуішті орындықтардан және көлденеңді байланыстардан тұрады. Бағыттаушыларды швеллерлерден, бұрыштамалардан, рельстерден немесе қос тавролы профильден жасайды. Рама секциясының ұзындығы 3-3,5 м.

Тақташалы конвейерді бір алдыңғы жетекпен, алдыңғы және артқы жетектермен, ал егер тартқыш күш жеткіліксіз болса, онда аралық жетекпен де жабдықтайды. Тақташалы конвейерлердің жетектік құрылғылары, ысырмалы конвейердегі сияқты бір немесе екі жұлдызшалары бар жетекші біліктен, редуктордан, гидромурфтадан және электр қозғалтқыштан тұрады.

Тақташалы конвейердің соңында шынжырды алдын-ала керу үшін қажетті бұрандалы немесе гидравликалы керме құрылғысы орнатылады. Алдын ала керу қозғалғыш арбалар арасында тақташалы төсемнің рұқсат етілген салбырауын қамтамасыз ету шарты бойынша қабылданады.

Жүктерді үлкен қашықтыққа қайта тиеусіз тасымалдауды жүзеге асыру үшін аралық жетектер қолданылады. Тартқыш шынжырлармен ілініске кіретін жұдырықшалары бар аралық шынжыр табанды жетектер және тартқыш шынжырлармен ілінісу тұрақты магниттер көмегімен жүзеге асырылатын аралық жетектер болады. ПН типтес магистральды тақташалы конвейер жоспар бойынша түзу сызықты еңкіштік бұрышы 24 тен 350-қа дейін болатын қазбаларда жұмыс істеу үшін арналған. Осы типтес конвейерлерде тартқыш орган ретінде екі тақташалы шынжырлар

қолданылған. Ал жүк алып жүруші тақташалардың жүктің сырғып кетуін ұстап отаратын көлденең қалқандары болады.

Ірі кесекті қатты жүктерге арналған магистральды тақташалы конвейердің ерекшелігі, оның тақташалары қалыңдығы 6-8 мм және резеңкемен өңделген болат табақшалардан жасалады. Тартқыш орган ретінде тақташалы немесе сақиналы шынжырлар пайдаланылады. Тақташалы төсемнің қозғалыс жылдамдығын 0,5 м/с аспайтын етіп қабылдайды.

Тақташалы төсемнің қозғалыс жылдамдығын 0,4 м/с аспайтын етіп қабылдайды. Пайдалану есебі. Тақташалы конвейерді есептеу кезінде қажетті төсем енін, шынжырдың беріктік қорын, керме құрылғысының күшін, қозғалтқыштардың қуаты мен типтерін, аралық жетектер санын, олардың орналасу орнын және тасымалдауға кететін энергия шығынын анықтайды.

Кеніштерде жер үсті және жерасты жағдайларында кенді және тау жыныстарын ұсақтау бункерлері мен вагондарға немесе көліктерге тасымалдау үшін конвейерлер қолданылады. Қазіргі уақыттағы ысырмалы конвейерлердің өнімділігі 900 т/сағ дейін жетеді, рамасының ұзындығы 300м, қозғаушы электр қозғалтқыштарының қосынды қуаты 500 квт дейін жетеді. Ысырмалы конвейерлердің үйінді жүкті тасымалдай алатын ең үлкен еңкіштік бұрышы 200 жетеді, ал тежеуші конвейерлерде 400 дейін болады. Еңкіштік бұрыштары үлкен балған кезде ысырмалар арқылы жүк төгіле бастайды.

2.3 Таспалы конвейерлер

Таспалы конвейерлерде үстінде жүгі бар таспа стационарлы роликті тіреуіштермен жылжып қозғалады және бір уақытта жүкті алып жүруші және тартқыш мүше қызметін атқарады.

Таспалы конвейерлерді мынадай белгілері бойынша жіктеуге болады:

арналуы бойынша – жалпы мақсатта өнеркәсіптің әр түрлі саласында қолданылатын, жер асты, және ашық тау-кен жұмыстарында;

орнату тәсілі бойынша – жазық, көлбеу, көлбеу-жазық;

таспаның тасушы бетінің пішіні бойынша – бір роликті тірешілерден пайда болатын жазық, көп роликті тіреуіштерден пайда болатын науашалы;

таспа тарамдарын пайдалану бойынша – жоғарғы жұмысшы тарамымен, екеуі де жұмысшы тарам болғанда; тау-кен массасын түсіру тәсілі бойынша – артқы барабандар арқылы, аралық түсірумен.

Жерасты таспалы конвейерлер арналуы бойынша штректік, еңісті және бремсбергтік болып бөлінеді. Әрбір көрсетілген конвейерлердің өзіне тән кейбір сипаттық ерекшеліктері болады. Мысалы, бремсбергтік, еңісті конвейерлердің өшірілген қозғалтқыш жағдайында таспаның қозғалысын тоқтататын электромагнитті немесе таспалы тежеулері болады.

Арналуына сәйкес таспалы конвейерлер әріптермен белгіленіп отырады, мысалы штректік Л, еңістілерін ЛУ, бремсбергтіктерін ЛБ, телескоптықтарын ЛТ деп белгілейді. Әріптердің сол жағына және оң жағына цифрлар қойылады, олар таспаның типтік өлшемін және сантиметрмен

берілген енін көрсетеді, мысалы 1Л80 – бірінші типті өлшемдегі, штректік, таспасының ені 800 мм болатын конвейер деген сөз. Одан басқа 2Л80, 1Л100, 1ЛТ80, 1ЛБ80, 2ЛУ160 сияқты белгіленеді.

Таспалы конвейерлердің кеңінен қолданылатын аймағы, жіктелудегі айтылғандай, өнеркәсіптің әр түрлі салаларында, ашық кен жұмыстарында, жер асты жұмыстарындағы штректерде, еңістіктерде, бремсбергтерде және үйінді жүктерді көлбеу оқпандармен көтеруде, жер бетінде фабрика аралық тасымалдау құралы ретінде ұсатқыш-сұрыптау және байыту фабрикаларында пайдаланылады.

1 Кесте – Таспалы конвейерлердің техникалық сипаттамалары

Конвейерлер	Таспаның ені, мм	Жүкті қабылдау қабілеттілігі, м ³ /мин	Есептік өнімділігі, т/сағ	Ең үлкен ұзындығы, м	Таспаның жылдамдығы, м/с	Жетектің ең үлкен қуаты, кВт	Жетекші барабандар саны	Негізгі қолданылу аймағы
1Л80	800	8,15	340	620	2,0	40/50	2	Жазық және еңістігі -3-тен +6 ⁰ -қа дейін сәл көлбеу қазбалар үшін
2Л80	800	8,15	340	100	2,0	2x55	2	
1Л100	100	11,0	420	1770	1,6	2x100	2	
1ЛТ80	800	8,15	340	500	2,0	40/55	2	Еңістік бұрышы - 10-нан +10 ⁰ -қа дейін болатын тазалау забойларында жанасатын қазбалар үшін
2ЛТ80	800	8,15	340	1000	2,0	2x55	2	
1ЛТ100	1000	9,12	470	1500	1,6	3x100	2	
2ЛТ100	1000	16,8	850	300	2,5	2x250	2	Бұл да бұрыштары - 12-ден +10 ⁰ -қа болғанда
1ЛБ80	800	7,7	340	1000	1,6	40	2	Еңістік құрышы - 16 ⁰ -қа дейін болатын бремсбергтер үшін
2ЛБ80	800	7,7	340	1600	2,0	2x55	2	
1ЛБ100	1000	11,0	420	1600	1,6	100	1	
2ЛБ100	1000	13,7	500	3800	2,0	250	2	
2ЛБ120	1200	29,0	1500	2200	3,15	2x250	2	
1ЛУ100	1000	11	420	680	1,6	2x100	1	Бұрышы 0-ден +18 ⁰ -қа дейінгі еңістер үшін
2ЛУ100	1000	13,7	500	1140	2,0	2x250	1	
2ЛЛ100	1000	11,0	420	1500	1,0	2x250	1	Адам және жүк еңістері үшін
1ЛУ120	1200	23,0	1200	2300	2,5	4x125	2	+18 ⁰ -еңістер үшін
2ЛУ160	1600	65,0	2300	4000	3,15	4x500		+18 ⁰ -еңістер үшін

Тасымалданатын материал таспаның жоғарғы тарамында орналасады, ол роликті тіреіштер көмегімен науашалы пішінге келтіріледі, ал төменгі тарам әрқашан жазық пішінде болады, себебі тек роликпен ұсталып тұрады.

Тасымалдау жолы ұзын болғанда тізбектестіріп бірнеше таспалы конвейерлер орнатылады. Руданы бір конвейерден екінші конвейерге тиеу орындарында арнайы тиеу қондырғылары орнатылады. Осы қондырғы арқылы тау-кен массасы келесі конвейер таспасының орталық бөлігіне бағытталады.

Таспалы конвейерлердің ең үлкен үлкен көлбеулік бұрышы кесек жүктердің таспамен өз салмақ әсерінен құлап-сырғып кететіндіктен шектеулі болады, сондықтан жоғары қарай қозғалған кезде 180, ал төмен қарай қозғалғанда 150 аспауы керек. Көлбеулік бұрышы осы шектерден арттыру үшін арнаулы таспалар және таспалы конвейерлер қолданылады. Тау-кен массалары таспадан конвейердің соңында түсірілуі мүмкін немесе түсіруші құрылғыны орнатса орта тұсында түсірілуі де мүмкін.

Жер асты таспалы конвейерлердің қозғалыс жылдамдығы 4 м/с аспайды.

Конвейерлердің таспалары көп төсемді немесе көп қабатты және резиналы сым арқанды болып бөлінеді.

Көп төсемді резеңкеленген маталы таспалар сіңіскен және өз ара резеңкемен ыстықпен өңдеу арқылы қосылған бірнеше төсемдерден (қабаттардан) тұрады. Төсемдердің сырты резеңкелі қабатпен айналдыра жабылған, ол таспаны ылғалдан және зақымданулардан қорғайды.

Резеңкелі-сым арқанды таспалар диаметрі 2,1-ден 11,6 мм-ге дейін болатын бір қатар болат сымдар қатарынан тұрады. Бұл қатардағы сымдар саны 160 данаға дейін болады. Осы қатардың екі жағынан әдетте синтетикалық матадан маталы төсемдер (қабаттар) салынады. Сымдар мен төсемдер ыстықпен өңделген және сыртынан айналдыра резеңкелі қоршаулары болады.

Таспалы конвейердің жетегі бір немесе екі, кейде үш барабандардан, редуктордан, қозғалтқыштан, қосушы (жалғаушы) муфтаалардан және таспаларды тазалауға арналған құрылғыдан тұрады. Таспалы конвейерлердің жетектерінің негізгі түрі бұл екі барабанды бір немесе екі қозғалтқышты түрі болып саналады. Бір қозғалтқышты екі барабанды тісті редукторы бар жетектің қатаң кинематикалық байланысы болады. Осы себепті таспаның аз керілген екінші барабанында болатын қатты сырғанаулар таспаның тез тозуына алып келіп соғады.

Екі барабанды бірбіріне тәуелсіз қозғалтқыштары бар жетекте, барабандар трубомуфта арқылы айналуы гидравликалы реттейтін бөлек жетектерден тұрады. Мұндай жетектік станция сұлбасы жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді болдырмайды. Бірінші жетекші барабан таспаның жүк таситын (лас) бетімен жанасады, осының салдарынан үйкеліс бірден төмендеп кетеді, барабанның бетіне майда руданың қабаты жабысады, ол таспаның бетінің бұзылуына және қызмет жасау мерзімін азайтып жібереді.

Осы себептен мұндай жетек сұлбалары ұзындығы үлкен емес қозғалтқыштар қуаты 30 кВт аспайтын конвейерлерде пайдаланылады. Осы баяндалған кемшіліктер жойылады, себебі екеуінде де жетекші барабандар таспаның таза бетімен жанасып отырады.

Таспалы конвейердің ең бір басты кемшілігі, олар ір және ауыр кесекті рудалар мен жыныстарды тасымалдауда тез бұзылып, таспалардың тез тозуы.

Себебі ірі кесекті тау-кен массассалары таспаның қозғалысы кезінде оның роликті тіреуіштер арасында салбырап кетуіне және таспа арқылы роликтерге қатты соққылар береді де таспаның тез тозуына және роликті тіреуіштердің бұзылуына алып келеді.

Осыған байланысты магистралды конвейерлер алдында ұстаушы қондырғылар қарастырылады.

Осыдан басқа академик А.О.Спиваковский жасап шығарған ірі және ауыр рудалар мен жыныстарға арналған таспалы конвейер бұл кемшіліктерді болдырмауға мүмкіндік берді.

Таспа үстінде жатқан жүк қозғалушы тіреуіштердің арқасында роликті тіреуіштер арқылы сырғусыз қозғалады да, таспа мен роликтер соққыларды қабылдамайтын және тозбайтын болады.

Тартушы шынжырлар тақташалы немесе дөңгелек түйінді болуы мүмкін.

Арналуы конвейерлерге тағы таспалы-шынжырлы және таспалы-сым арқанды сол сияқты адамдар таситын конвейерлер жатады.

3 Есептік бөлім

Таспалы конвейерлердің параметрлерін таңдауға арналған есептеулер

Тау-кен кәсіпорындарында көлікті дамытудың маңызды бағыттарының бірі конвейерлеу болып табылады. Конвейерлі көлік көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда оңай автоматтандыруға болады және соның арқасында еңбек қажеттілігін едәуір азайтуға мүмкіндік туады.

Қазіргі конвейер қондырғылары бірнеше белгілері бойынша жіктеледі. Солардың бірі, ол конструкциясы бойынша ысырмалы, тақтасалы, таспалы, таспалы-сым арқанды, таспалы-шынжырлы, тербелмелі, дірілді, бұрандалы болып бөлінеді.

Таспалы конвейерлердің өздері ары қарай тағы жіктеледі. Солардың ішінде жер асты таспалы конвейерлері арналуы бойынша штректік (Л), еңісті (ЛУ), бремсбергтік (ЛБ), телескопты (ЛТ) болып бөлінеді. Мысалы, олардың мынадай маркалары болады 1Л80, 2Л80, 1Л100, 1ЛТ80, 1ЛБ80, 2ЛУ160. Мұндағы, әріптердің сол жағындағы цифрлар, мысалы 1Л80 маркасында 1-бірінші типтік өлшемдегі Л-штректік, 80-таспаның ені 80см не 800мм деген мағынаны көрсетеді. ЛБ-таспалы бремсбергтік, ЛУ-таспалы еңісті, ЛТ-таспалы телескопты деген мағыналарды білдіреді.

Конвейерлердің таспалары көп төсемді немесе көп қабатты және резеңкелі сым арқанды болып бөлінеді.

Таспалы конвейерлердің түрін таңдау екі параметр бойынша жүргізіледі: ең үлкен жүк ағымы және тасымалдау ұзындығы бойынша.

Ең үлкен минуттық жүк ағымы конвейердің минуттық өнімділігіне тең немесе аз болуы керек.

Тасымалдау ұзындығы бір немесе бірнеше тізбектеліп орнатылған конвейерлерді таңдауға әсер етеді.

Бір конвейер болу экономика тұрғысынан пайдалырақ, себебі қайта тиеу пункттерінің болуы пайдалану шығындарының артуына және конвейер жолдарының жұмыс сенімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Таспалы конвейердің есебі өнімділікті, таспаның қозғалысына кедергі күштерді, қозғалтқыштық қуатын, таспаның ең үлкен керілуін және оның өлшемдерін анықтаудан тұрады.

Конвейердің техникалық өнімділігі

$$Q_T = 3600 \cdot \Omega \cdot \mathcal{G} \cdot \gamma, \quad \text{т/сағ}, \quad (5.1)$$

мұндағы Ω – таспа үстіндегі тау-кен массасының көлденең қимасының ауданы, м^2 ; \mathcal{G} – таспаның қозғалыс жылдамдығы, м/с ; γ – қопсытылған тау-кен массасының тығыздығы, т/м^3 .

Жазық таспа үшін

$$\Omega_{\Pi} = 0,16 \cdot B^2 \cdot \text{tg}(0,5 \cdot \mu), \quad \text{м}^2, \quad (5.2)$$

Мұндағы B -таспаның ені, м; μ -таспа үстіндегі үйінді жүктің табиғи баурай бұрышы, град.

Сонда жазық таспалы конвейердің техникалық өнімділігі

$$Q_{\Pi} = 240 \cdot B^2 \cdot \varrho \cdot \gamma, \quad \text{т/сағ}, \quad (5.3)$$

Науашалы таспа үшін

$$Q_{\Lambda} = 395 \cdot B^2 \cdot \varrho \cdot \gamma, \quad \text{т/сағ}, \quad (5.4)$$

Таспаның ені берілген сағаттық өнімділік бойынша Q_T және қабылданған таспа қозғалысының жылдамдығы бойынша анықталады.

$$B = \sqrt{\frac{Q_T}{k \cdot \varrho \cdot \gamma}}, \quad \text{м}, \quad (5.5)$$

мұндағы k -таспаның тасымалдаушы бетінің тігінін ескеретін коэффициент (жазық таспа үшін $k=240$, науашасы- $k=395$).

Конвейердің өнімділігі бойынша есептелген таспаның ені тау-кен массасының ірілігі бойынша мына эмпиризмдік формулалармен тексерілуі керек:

Жай қатардағы материал үшін

$$B \geq 2a_{\max} + 200, \quad \text{мм}, \quad (5.6)$$

Сұрыпталған материал үшін

$$B \geq 3a_{\text{орт}} + 200, \quad \text{мм}, \quad (5.7)$$

мұндағы $a_{\max}, a_{\text{орт}}$ – кесектердің ең үлкен және орташа көлденеңдік өлшемдері, мм.

Таспа енінің өнімділік және тау-кен массасының кесектер ірілігі бойынша табылған ең үлкен мәні қабылданатын таспаның ені болады.

Жер асты конвейерлерінің таспа қозғалысының жылдамдығын 4 м/с дейін, көлбеу ақпандарда, галареяларда және жер бетінде -5,5 м/с дейін етіп қабылдайды.

Таспаның керілуін есептеу. Көлбеу конвейерлердегі таспаның жүк тиелген және бос тарамдарының қозғалысы кезінде кедергі күгейері мына формулалардан табылады.

$$W_r = [(q + q_n) \cos \beta + q'_p] \cdot L \cdot \omega \pm (q + q_n) \cdot L \cdot \sin \beta \approx \\ \approx [(q + q_n + q'_p) \cdot \cos \beta \omega \pm (q + q_n) \cdot \sin \beta] L, \quad H; \quad (5.8)$$

$$W_{\Pi} = [(q_n \cdot \cos \beta + q''_p) \cdot L \cdot \omega \pm q_n L \cdot \sin \beta \approx \\ \approx [(q_n + q''_p) \cdot \cos \beta \omega \pm q_n \sin \beta \cdot L, \quad H, \quad (5.9)$$

мұндағы q -конвейердің 1м келетін тау-кен массасының салмағы, Н/м; q_n -1м конвейертаспасының салмағы, Н/м; q_p, q''_p -конвейердің 1м келетін роликті тіреугейердің жүк тиелген және бос тарамдардағы салмағы, Н/м; α -конвейердің ұзындығы, м; β -конвейер еңісінің бұрышы градус; $\omega=0,04 \div 0,06$ -ролгектердің қозғалыс кедергілерінің коэффициенті.

Конвейердің 1м келетін тау-кен массасының салмағы

$$q = \frac{Q_T \cdot g}{3,6 \cdot g}, \quad \text{Н/м}, \quad (5.10)$$

мұндағы g -еркін түсу үдеуі, м/с².

Конвейерлік көп төсемді (қабатты) таспасының 1м салмағы эмпиризм формуласы бойынша анықталады

$$q_n = 11B(\delta \cdot i + \delta_1 + \delta_2), \quad \text{Н/м}, \quad (5.11)$$

мұндағы B -таспаның ені, м; i -таспаның төсемдер (қабаттар) саны; $\delta=1,2-1,5$ -бір маталы төсемнің қалыңдығы, мм; δ_1, δ_2 -таспаның жоғарғы және төменгі жабылмаларының (обкладок) (қоршауларының жабындыларының) қалыңдығы, мм; $\delta_1=3-6$ мм; $\delta_2=1-3$ мм; қабаттамаларының $0,2 \div 0,3$ мм

Резеңкелі сым арқанды (тросы) таспаның 1м салмағы да эмпиризм формуласы бойынша табылады

$$q_n = \frac{11}{1000} (B \cdot \delta_n - \frac{\pi \cdot d_T \cdot n_T}{4}) + p_T \cdot n_T, \quad \text{Н/м}, \quad (5.12)$$

мұндағы δ_n -таспаның қалыңдығы, мм; $d_T=2,1-11,6$ -сым арқаның (тросың) диаметрі, мм; p_T -1м сым арқанның (тросың) салмағы, Н/м; n_T -таспадағы сым арқанның саны, $n=160$.

Конвейердің 1м келетін ролгекті тіреуігейер салмағы: жүк тиелген тарамы үшін

$$q'_p = \frac{G'_p \cdot g}{l'}, \quad \text{Н/м}, \quad (5.13)$$

бос тарам үшін

$$q''_p = \frac{G''_p \cdot g}{l''}, \quad \text{Н/м}, \quad (5.14)$$

мұндағы G'_p, G''_p -сәйкесінше, жүк тиелген және бос тарамдардағы бір треуіштің массасы, кг; l', l'' -сәйкесінше, жүк тиелген және бос тарамдардағы роликті тіреуіштердің ара қашықтығы, м; (әдетте $l'=1,2\text{м}; l''=2,4\text{м}$).

Таспаның керілуін есептеу кезінде нүктелер бойынша конвейерді айналып өту әдісі пайдаланылады.

Конвейер нұсқасын (контур) айналып өтуді жетекші жетекші (қозғаушы) барабаннан таспаның кету нүктесінен немесе таспаның ең кіші керілу нүктесінен бастайды. Әрбір келесі нүктедегі керілу күші алдыңғы нүктедегі керілу күші мен осы екі нүкте арасындағы учаскедегі кедергі қосындысына тең:

$$S_n = S_{n-1} + \sum_{n-1}^n W. \quad (5.15)$$

5.1-суретінде көрсетілген конвейер сұлбасы бойынша мынаны жазуға болады

сурет

5.1-сурет. Конвейердің есептік сұлбасы: а-еңістікте; б-бремсбергте

$$\left. \begin{aligned} S_2 &= S_1 + W_{1-2}; \\ S_3 &= 1,05 \cdot S_2 + W_{1-2}; \\ S_4 &= S_3 + W_{3-4}. \end{aligned} \right\} \quad \text{немесе} \quad \left. \begin{aligned} S_2 &= S_1 + W_{1-2} \\ S_3 &= 1,05 \cdot (S_1 + W_{1-2}) \\ S_4 &= 1,05 \cdot (S_1 + W_{1-2}) + W_{3-4} \end{aligned} \right\} \quad (5.16)$$

Осыдан басқа Эйлер теңдеуі бойынша S_4 былай анықтауға болады

$$S_{нб}^{кел} \leq S_{сб}^{кет} \cdot e^{f\alpha}$$

мұндағы $S_{нб}^{кел} = S_4$, ал $S_{сб}^{кет} = S_1$ сонда

$$S_4 \leq S_1 \cdot e^{f\alpha}, \quad H, \quad (5.17)$$

Таспаның келу және кету тарамдарының керілу күштері, Н;

Мұндағы: s_1, s_4 - 1,4 нүктелеріндегі керілу күштері, Н; $e^{f\alpha}$ - тартқыштық фактор; f - таспа мен барабан арасындағы үйкеліс коэффициенті; α -таспаның барабанды қапсыру бұрышы, радиан (екі барабанды жетекте $\alpha = \alpha_1 + \alpha_2$, яғни екі барабандағы қапсыру бұрыштарының қосындысына тең); e - натурал логарифмның негізі.

(5.16) және (5.17) формулаларынан S_4 мәндерін бір-біріне теңестіріп S_1 анықтаймыз, яғни

$$S_1 \cdot e^{f\alpha} = 1,05 \cdot (S_1 + W_{1-2}) + W_{3-4}, \quad (5.18)$$

$$S_1 \cdot e^{f\alpha} - 1,05 \cdot S_1 = 1,05 \cdot W_{1-2} + W_{3-4};$$

$$S_1 \cdot (e^{f\alpha} - 1,05) = 1,05 \cdot W_{1-2} + W_{3-4};$$

$$S_1 = \frac{1,05 \cdot W_{1-2} + W_{3-4}}{e^{f\alpha} - 1,05}, \quad (5.19)$$

Ары қарай (5.16) формуласы арқылы s_2, s_3 және s_4 мәндерін табамыз.

Мұндағы $W_{1-2}=W_n, W_{3-4}=W_r$, ал $e^{f\alpha}$ мәнін s_1 кестесі бойынша аламыз, мысалы бір барабаны жетекші болатын, барабан ағашпен немесе резеңкемен футерленген (қапталған), атмосфера ылғалды (сулы) жағдайда $e^{f\alpha} = 3,23$ тең болады, немесе есеп шартында беріледі.

Барабандардан таспаға берілетін тарту күші

$$F_o = S_{\text{кел}} - S_{\text{кет}}, \text{ Н}, \quad (5.20)$$

Мұндағы $S_{\text{кел}} - S_{\text{кет}}$ - таспаның жетекші (қозғаушы) барабанға келу және кету нүктелеріндегі керілу күштері, Н.

5.1,а-суретіндегі сұлба бойынша олар s_4 және s_1

Онда жетекші барабан шеңберіндегі тартқыш күші

$$F_o = S_4 - S_1, \text{ Н} \quad (5.21)$$

Тежеу режимінде жұмыс жасайтын 5.1, б – суретте көрсетілген конвейер сұлбасы үшін есептеу осы сияқты жүргізіледі.

Керме жүгінің салмағы таспаның жүк тиелген. Тарамының ең аз керілу нүктесінде, яғни керуші барабанның қасындағы роликті тіреуіштер арасындағы рұқсат етілген салбырау шамасын қамтамасыз ету керек.

$$f_{\Pi} = \frac{(q+q_n) \cdot l'}{8S_{\min}}, \quad (5.22)$$

$$\frac{f_{\Pi}}{l'} = 0,025,$$

мұндағы f_{Π} – роликтер арасындағы салбырау шамасы.

Сонда таспаның жүк тиелген тарамының роликті тіреуіштер арасындағы оның салбырауына байланысты, рұқсат етілген керілудің ең аз шамасы S_{\min} , былай анықталады.

$$S_{\min} = 5(q + q_n) \cdot l', \text{ Н}. \quad (5.23)$$

5.1,а-суреті бойынша $S_3 \geq S_{\min}$ болуы керек.

Ал керуші жүктің күші

$$F_{\text{н.б}} = S_2 + S_3, \text{ Н}. \quad (5.24)$$

Таспаның төсемдер саны

$$i = \frac{S_{\max} \cdot m}{B \cdot S_p}, \quad (5.25)$$

мұндағы S_{max} -таспаның ең жоғарғы керілуі, Н; m -төсемдердің беріктік қоры (көп төсемді таспалар үшін $m=10 \div 11$; резеңкелі сым арқанды таспалар үшін $m=7 \div 8$); S_p -ені 1см болатын бір төсемнің үзілу күші, Н/см; B -таспаның ені, см.

Резеңкелі сым арқанды таспалар үшін

$$S_{max} = \frac{S_p^T \cdot B}{m}, \text{ Н} \quad (5.26)$$

Мұндағы S_p^T -ені 1см болатын резеңкелі сым арқанды таспаның үзілу күші, Н/см.

Қозғалтқыштық режимде жұмыс істейтін конвейерлер үшін жетек қозғалтқышының қуаты

$$N = k \cdot \frac{F_0 \cdot \vartheta}{1000 \cdot \eta}, \text{ кВт}, \quad (5.27)$$

Мұндағы $k=1,1 \div 1,2$ қуат қорының коэффициенті; $\eta=0,8 \div 0,85$ -жетектің п.э.к.

Қозғалтқышы тежеулік режимде жұмыс істейтін конвейерлер үшін

$$N = K \cdot \frac{F_0 \cdot g' \cdot \eta}{1000}, \text{ кВт}, \quad (5.28)$$

Мұндағы $g' = 1,03 \cdot g$ – қозғалтқышының тежеулік режимде жұмысы кезіндегі таспаның қозғалыс жылдамдығы, м/с.

Таспалы конвейердің есептері

Еңісте орнатылған таспалы конвейердің таспасының енін және қозғалтқыш енін және қозғалтқыш қуатын анықтау. Бастапқы берілгендері: аусымдық өнімділік $Q_{cm} = 1200$ т/аусым; конвейер ұзындығы $L=350$ м; еңістік бұрышы $\beta = 17^\circ$; ұсақталған руда кесектерінің ірілігі $a_{max} = 300$ мм; қопсытылған руданың тығыздығы

$$\gamma = 2,8 \text{ т/м}^3.$$

Мыналарды қабылдаймыз: жетекші (қозғаушы) барабандар саны-1.

Бір барабанды жетек, тартқыштық факторы $l^{f\alpha} = 3,23$; таспаның қозғалыс жылдамдығы $\vartheta = 3$ м/с; науашалы таспа.

Конвейердің есептік сұлбасы 5.1а-суретінде бейнеленген.

сурет

5.1-сурет. Конвейердің есептік сұлбасы а-еңістікте

1. Конвейердің өнімділігі

$$Q_r = \frac{Q_{cm}}{T \cdot k_{\pi}} = \frac{1200}{8 \cdot 0,75} = 200 \text{ т/сағ},$$

мұндағы $T=8$ -жұмыстық аусым ұзақтығы, сағ; $k_{\Pi} = 0,75$ -техникалық себептермен конвейер жұмысындағы үзілістерге ескеретін коэффициент.

2. Таспаның ені:

а) өнімділік бойынша 0,06

$$B = \sqrt{\frac{Q_r}{k \cdot \vartheta \cdot \gamma}} = \sqrt{\frac{200}{395 \cdot 3 \cdot 2.8}} = 0.245 = 0.25 \text{ м,}$$

мұндағы $k=395$ -науашалы таспа үшін;

б) руда кесектерінің ірілігі бойынша

$$B = 2a_{max} + 200 = 2 \cdot 300 + 200 = 800 \text{ мм.}$$

Үлкен мән 800 мм қабылданатын таспаның ені болып табылады.

Таспа ені $B=0,8$ м; $i = 5$; $\delta = 1,2$ мм; $\delta_1 = 1,2$ мм; $\delta_2 = 1,5$ мм; $S_p = 3500$ Н/см болатын.

Синтетикалық талшықтан жасалған төсемдері бар таспалы қабылдаймыз.

3. Таспаға түсетін салмақтар:

а) таспаның 1 м келетін руданың салмағы

$$Q_r = 3.6 \cdot \vartheta \cdot q, \text{ т/сағ; } q = \frac{Q_r \cdot g}{3.6 \cdot \vartheta} = \frac{200 \cdot 9.81}{3.6 \cdot 3} = 182 \text{ Н/м;}$$

б) Көп төсемді конвейер таспаның 1 м келетін салмағы 11,5

$$q_{\Pi} = 11B (= \delta \cdot i + \delta_1 + \delta_2) = 11 \cdot 0.8(1.2 \cdot 5 + 4 + 1.5) = 101 \text{ Н/м;}$$

в) жүк тиелген тарамның 1м келетін роликті тіреуіштер салмағы

$$q'_p = \frac{G'_p \cdot g}{l'} = \frac{40 \cdot 9.81}{1.2} = 327 \text{ Н/м,}$$

мұндағы $G'_p = 40$ кг- жүк тиелген тарамдағы үш роликті тіреуіштің біреуінің массасы, кг; $l' = 1.2$ м-жүк тиелген тарамдағы роликті тіреуіштер арасындағы ара қашықтық, м;

г) бос тарамының 1м келетін роликті тіреуіштер салмағы

$$q''_p = \frac{G''_p \cdot g}{l''} = \frac{22 \cdot 9.81}{2.4} = 90 \text{ Н/м;}$$

мұндағы $G''_p = 22$ кг – бос тарамдағы бір роликті тіреуіштің біреуінің массасы; $l'' = 2.4$ м – бос тарамдағы роликті тіреуіштер арасындағы арақашықтық.

4. Конвейердің жүк тиелген тарамының қозғалысына кедергі күші (5.8) формуласы бойынша анықтаймыз.

$$\begin{aligned} W_{\Gamma} = W_{3-4} &= [(q + q_{\Pi}) \cdot \cos \beta + q'_p] \cdot L \cdot \omega \pm (q + q_{\Pi}) \cdot L \\ &\cdot \sin \beta \approx [(q + q_{\Pi} + q'_p) \cdot \cos \beta \cdot \omega \pm (q + q_{\Pi}) \cdot \sin \beta] \cdot L \\ &= [(182 + 101 + 327) \cdot \cos 17^\circ \cdot 0.05 + (182 + 101) \cdot \sin 17^\circ] \\ &\cdot 350 = 389 \end{aligned}$$

5. Конвейердің бос жүксіз тарамының қозғалысына кедергі күші (5.9) формуласы бойынша анықтаймыз

$$W_{II} = W_{1-2} = [(q_L + q''_p) \cdot \cos \beta \omega - q_L \cdot \sin \beta] \cdot L \\ = [(101 + 90) \cdot \cos 17^\circ \cdot 0.05 - 101 \cdot \sin 17^\circ] \cdot 350 = -7042$$

6. Конвейер контуры бойынша таспаның керілуін есептеу.

Таспаның керілуін есептеу үшін нүктелер бойынша конвейерді айналып өту әдісін пайдаланамыз.

Конвейер нұсқасын (контурын) айналып өтуді жетекші (қозғаушы) барабаннан таспаның кету нүктесінен немесе таспаның ең кішікерілу нүктесінен бастайды. Таспаның ең аз керілуі 2 нүктесінде болады (5.1,а-суретін қара).

